

"Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін есепке алу-бақылау таңбаларымен және акциздік таңбалармен таңбалау (қайта таңбалау) туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы № 1349 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 5 наурыздағы № 188 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 шілдедегі № 573 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.07.2015 № 573 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Акцизделетін тауарлардың жекелеген түрлерін есепке алу-бақылау таңбаларымен және акциздік таңбалармен таңбалау (қайта таңбалау) туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы № 1349 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2008 ж., № 49, 560-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Шарап материалы мен сыраны қоспағанда, алкоголь өнімін есепке алу-бақылау таңбаларымен және темекі бұйымдарын акциздік таңбалармен таңбалау (қайта таңбалау) ережесінде:

21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«21. Субъектілерге жаңа үлгідегі таңбаларды беруді салық органы жүзеге асырады.» ;

23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«23. Пайдаланылмаған ескі үлгідегі таңбаларды ескі үлгідегі таңбалары бар субъектілер және салық органдары жаңа үлгідегі таңбалар енгізілген күннен бастап үш ай ішінде ескі үлгідегі таңбаларды жою жөніндегі комиссияның қатысуымен жоюға тиіс.» ;

25 және 26-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«25. Ескі үлгідегі таңбаларды жою жөніндегі комиссияның құрамына салық органдарының бірінші басшылары, салық органының таңбалар үшін материалдық-жауапты адамдары және субъектінің уәкілетті өкілдері міндетті түрде енгізілуге тиіс.

26. Ескі үлгідегі таңбалардың іс жүзінде жойылғаны туралы осы Ережеге 1, 2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша жойылған есепке алу-бақылау таңбаларының сериясы, нөмірлерін диапазоны, түрі мен саны, ескі үлгідегі

акциздік таңбалардың түрі мен саны көрсетілетін ескі үлгідегі таңбаларды жою актісі (бұдан әрі – акт) екі данада жасалады. Жою актісінің әрбір данасына комиссия мүшелері мен субъектінің уәкілетті өкілі қол қояды, сондай-ақ салық органының және субъектінің мөрлерімен расталады.

Актінің бір данасы салық органында қалады, актінің екінші данасы субъектіге беріледі. » ;

көрсетілген Ережеге 1-қосымша осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі *С. Ахметов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2014 жылғы 5 наурыздағы
№ 188 қаулысына
қосымша
Шарап материалы мен сыраны
қоспағанда, алкоголь өнімін есепке
алу-бақылау таңбаларымен және темекі
бұйымдарын акциздік таңбалармен
таңбалау (қайта таңбалау) ережесіне
1-қосымша

Ескі үлгідегі есепке алу-бақылау таңбаларын жою актісі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 31 желтоқсандағы № 1349 қаулысына сәйкес біз, мынадай құрамдағы комиссия:

с а н ы :

_____ данадағы ескі үлгідегі есепке
алу-бақылау таңбаларын, оның ішінде:
_____ данада

(сериясы және нөмірінің диапазондары, саны жазумен)

К о м и с с и я

т ө р а ғ а с ы :

1) _____

(Т.А.Ә., лауазымы, қолы)

Комиссия

мүшелері:

2) _____
(Т.А.Ә., лауазымы, қолы)

3) _____
(Т.А.Ә., лауазымы, қолы)

Ұйымның өкілі: _____
(Т.А.Ә., лауазымы, қолы)

Мөр орны

Мөр орны